

ӘОЖ 581.5 (232.216)

Н.З. Ахтаева\*, А.Т. Мамурова, А.Б. Мырзағали, Ұ.О. Омарова, Л.Н.Киекбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

\*e-mail: Nursulu.Akhtaeva@kaznu.kz

### **Echinops transiliensis Golosk өсімдігінің морфологиялық ерекшелігі**

Мақалада Іле Алатауы шатқалы жағдайында кездесетін Echinops transiliensis Golosk өсімдігінің морфологиялық ерекшелігінің зерттеу нәтижелері берілген.

**Түйін сөздер:** Echinops transiliensis, дәрілік өсімдік, эндем, морфология

Н.З. Ахтаева, А.Т. Мамурова, А.Б. Мырзағали, Ұ.О. Омарова, Л.Н. Киекбаева

### **Морфологических особенности Echinops transiliensis Golosk**

В данной работе представлены результаты исследования морфологических особенностей растения Echinops transiliensis Golosk в условиях предгорья Зайлийского Алатау.

**Ключевые слова:** Echinops transiliensis, лекарственное растение, эндем, морфология

N.Z. Akhtaeva, A.T. Mamurova, A.B. Myrzagali, L.N. Kiekbaeva, U.T. Omarova,

### **Morphological features OF Echinops transiliensis Golosk**

In this work results of research of morphological features of a plant of Echinops transiliensis Golosk in the conditions of the foothills of Zayliysky Alatau are presented.

**Key words:** Echinops transiliensis, medicinal plants, endemic, morphology

Қазақстанда фармацевтикалық өнеркәсіп дамуы біраз артта қалуда. Соңғы статистикалық мәліметтерге сүйенсек, елімізде өндірілетін фармацевтикалық өнімдер мемлекетімізді 5% ғана қамтасыз етеді. Осыдан кейін меншікті фармацевтикалық өнеркәсіптің даму жолдары туралы мәселе туындайды, соның ішінде дайын шикізат түрлерін оңтайлы қолданып, сапалы, эффективтілігі жоғары дәрілік өнімдерді халыққа ұсыну. Қазақстан Республикасы бай флораны иеленген, сол себепті дәрілік шикізаттың қоры мол, оның ішінде әсіресе өсімдік тектес шикізат көп екені белгілі. Перспективті дәрілік өсімдіктердің ішінен Echinops L. туысының түрлері практикада қызығушылық туғызып отыр, себебі бұл өсімдік құрамы әртүрлі биологиялық белсенді заттарға бай. Бірақ Echinops L., туысы Қазақстанда жүйелі түрде зерттелмеген. Осыған байланысты қазіргі таңда бұл өсімдіктің химиялық құрамын зерттеу, одан потенциалды биологиялық белсенді заттарды бөліп алу, жаңа дәрілер мен фитопрепараттар жасау өзекті

мәселелердің бірі болып табылады болып табылады. Осы уақытқа дейін Echinops transiliensis L. тамырынан екі жаңа полиацетиленді тиофендер бөлініп алынды, echinopsacetylenes А және В (1 және 2). 1 және 2 құрылымы спектрокопиялық анализ бен химиялық өзгерістерге негізделініп анықталды. Echinopsacetylenes (1) басқа тиофен фрагментімен ковалентті байланысқан  $\alpha$ -terthienyl қабілетті бірінші табиғи өнім болып табылады, Echinopsacetylenes В (2) май қышқылдарының фрагментімен конъюгацияланған алғашқы табиғи тиофен болып табылады. Echinopsacetylene (1) жерасты Formosoan (Coptotermes formosanus) термиттеріне қарсы улы қасиеттер танытады[1].

Жұмыстың мақсаты: Алматы облысы, Іле Алатауы жағдайында кездесетін Іле лақсасы өсімдігінің морфологиялық ерекшелігін зерттеу.

### **Зерттеу нысандары және әдістері**

Зерттеу объектісі: Echinops transiliensis Golosk – Іле лақсасы өсімдігі

Турдің нақты осы турге жататындығын «Қазақстан өсімдіктерінің анықтауыш» құрал арқылы анықталынды. Зерттеуге алынған түрлердің морфологиялық ерекшеліктері «Қазақстан Флорасы» кітабының тиісті томынан қарастырылды. Зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін 10-нан аса түрлер жиналып арнайы статистикалық сараптамалардан өткізілді.

#### **Зерттеу нәтижелері және оларды сараптау**

Іле Алатауы жағдайында жиылып алынған түрлерге морфологиялық талдаулар жасалынды [2].

Сабағы. Биіктігі 147,08 см, күрделі гүлділер тұқымдасына жататын екі және көп жылдық шөптесін өсімдіктер. Сабағының саны 2–3 бұталы немесе жалғызданған. Жоғарғы бөлігі тармақталған, кедір бұдырлы, жапырақсыз, қарапайым болып келсе, ал сабақтың төменгі бөлігі жалаңаштау. Ортаңғы бөлігі бүйірлері де торлы, бүйір арасы бос [3].

Жапырағы. Жалпы жапырақтары жіңішке қабықты, беткі жағы жасыл, қатпарлы, үлпілдек тікенекті, ортасында түктер орналасады. Тамырға жақын ең нәзік жапырақтары қысқа, қалғандары отырмалы. Формасы ланцентті, ұзындығы 14,66–20(30) см, қауырсындалған, ось бойынша жіңішке немесе кең иілген. Жиіктері ірі, жұмыртқа түрінде үшбұрышты, біркелкі емес тісшелі бөлшектермен құрылған, тісшесінің соңы қысқа тікенекті. Жоғары қарай жапырағы азаяды, ең жоғарыда ұсақ, ланцентті, тікенек тісті жапырақтар орналасқан. Бір өсімдік бойында 17-18 дана жапырақ орналасады.

Жапырақ формасы. Сыртқы жапырақтарының жоғарғы жағы ромб тәрізді, шашақ

қылтандарынан ұзынырақ, қошқылтым түсті. Ортаңғы жапырақтары тізбекті ланцентті, үшкірленген. Төменгі жағы қоңыр, жоғарғы жағы көкшіл түсті, ортасы қысқа кірпікшелі. Ішкі жапырақтары ланцентті, қысқа, үшкірленген;

Себеті. Себеті ақ шашақты, шағын, біртекті емес болып келеді. Жалпақтанған қылтандары себетінен 4 – 5 есе қысқа. Себеттің жалпы ұзындығы 18–22 мм, орауышы 20–24 дара бос жапырақтардан тұрады;

Гүл тәжі. Гүл тәжі көк түсті, жіңішке тізбекті бөлшектерге бөлінген.

Тұқымы. Тұқымы түйреуіш тәрізді, кедір бұдырлы. Ол айдарша жемісінің ұшында сақталған, желмен ұшып кеңірек таралуына жағдай туғызды. Айдарының төменгі бөлігі қосыла өскен қылтанды, әдетте сары қою түктермен қапталады. Жоғарғы жағында қылтандары бос, кірпікшелі.

Жемісі. Жемісі–қақырамайтын қырлы, түкті, айдаршалы тұқымша. Әр тұқымшаның (жемісі) ішінде жалғыз тұқымы болады. Маусым–шілде айларында гүлдеп, тамыз – қыркүйекте жеміс береді.

Таралуы. Бұл өсімдік аласа таулардың шалғынды және бұталы бөктерлерде, бұлақ бойында өседі. Қазақстанда Іле, Күңгей Алатауы, Сөгеті тауларын бөктерінде, Шу Іле тауларында (Кіндіктас шатқалы) кездесетін эндемді өсімдік.

Құрамында биологиялық белсенді заттардың көп мөлшерде болуына байланысты осы өсімдіктің болашақта анатомиялық, фитохимиялық және басқа да дәрілік қасиеттерін зерттеу жалғасын табады.

#### **Әдебиеттер**

- 1 Hiroshi Nakano, L Charles, Cantrell †, K. Leonid, § Mamonov, L Weste, A. Osbrink and A. Samir Ross «Echinopsacetylenes A and B, New Thiophenes from Echinops transiliensis»
- 2 Н.И. Дүйсенова, Н.М Мухитдинов: [и др.] ECHINOPS туысының ECHINOPS SPHAEROCEPHALUS L. және E. CHANTAVICUS TRAUTV. түрлерін фитохимиялық зерттеу.- N1 39-42 б., 2009 г
- 3 Флора Казахстана. Т. IX. – Алма-Ата: Изд-во "Наука" Казахской ССР, 1966. – С. 185.

#### **References**

- 1 Hiroshi Nakano, L. Charles, Cantrell † K. Leonid, Mamonov §, L. Weste, A. Osbrink and A. Samir Ross "Echinopsacetylenes A and B, New Thiophenes from Echinops transiliensis"
- 2 N. Duysenova and N. M. Mukhitdinov: [etc.] fitokhimiyaesky research sort ECHINOPS types of ECHINOPS SPHAEROCEPHALUS L. and E. CHANTAVICUS TRAUTV. – N1 39-42. 2009
- 3 Flora of Kazakhstan. T. IX. – Alma-Ata: Publishing house "Science" Kazakh Soviet Socialist Republic, 1966. – Page 185.